

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2023 жылғы 15 мамырда жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі
Ә.А.Смайыловқа

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
Ә.Қуантыровқа

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Бюджетті әділ бөлу мәселесі

Батыс Қазақстан облысы Республикалық бюджетке және Ұлттық қорға ақша қаражатын аудару көлемі бойынша донор өңірлермен бірдей аударып келседе, өңірлерге трансферт бөлу мәселесінде тізімнің соңында қалып қоюда. Бұл жағдайдың тәуелсіздік алған отыз жыл көлемінде тұрақты қайталануы Батыс Қазақстандықтарды алаңдатуда.

Анықтама ретінде БҚО РБ пен ҰҚ былтыр, яғни 2022ж. – 1 758,5 млрд.теңге аударды, ал трансферт ретінде алғаны, бар-жоғы 207,8 млрд.теңге.

Бұл мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «бюджетті әділ бөлу туралы» тапсырмасына тікелей қайшы келіп отыр. Президент 15.07.2019 жылы Үкіметтің кеңейтілген жиналысында сөйлеген сөзінің өңірлерді дамытуға арнаған 8 тармағында осы мәселеге арнайы тоқталып, кейбір дотациялы өңірлерге трансферттердің негізсіз көп бөлінетінін атап өтіп, РБ мен ҰҚ-ға мол қаражат аударып отырған еліміздің Батыс өңірлеріне жіті назар аудару қажеттігін атаған еді.

Мәжіліс сайлауы өтіп жатқан кезде 2023-2025 жылдарға үшжылдық бюджет бекітіліп кетті, БҚО сұранысы әдеттегідей 28% ғана қанағаттандырылуы салдарынан облыс тұрғындары тағыда көп игіліктерге қол жеткізе алмайтын болды (салыстырма үшін дотацияда отырған кейбір

оңтүстік облыстардың сұранысы 130%-ға дейін қанағаттандырылған атап өткім келеді).

Бюджеттің әділ бөлінбеуі салдарынан БҚО-ның қарапайым тұрғындары зардап шегуде, оған бір-екі мысал келтіретін болсақ:

Қазақстандағы ең сапасыз жолдар БҚО-да, сол себепті де 2022 жылы құрметті Әлихан Асханұлы, Сізді Президент дәл осы жол мәселесімен арнайы БҚО-ға жолдады, бірақ өкінішке қарай одан ешқандай нәтиже болмады. Тәуелсіздік алғалы тек дотацияда отырған оңтүстік облыстардың бірде-бірінде БҚО-дай жол проблемасы жоқ.

Облыста электр жүйелерінің тозуы 82%-ға дейін жетті.

БҚО орталығы Орал қаласын жарықтандыру үшін биылғы жылға ұсынылған 1,8 млрд теңгеге 7 жобаның ешқайсысы да Үкімет тарапынан қанағаттандырылмады.

Қазақстан бойынша жөндеуді қажет ететін мектептер жағынанда БҚО алдыңғы орында. Мысалы, жалпы білім беретін мектептердің 53, 5%-ы 1980 жылға дейін, ал кейбір мектептеріміз 1941 жылға дейін салынған. 115 мектеп бейімделген ғимараттарда орналасса, 48-і саман тастан салынған ғимараттарда орналасқан. 21 ғасырда БҚО-да ағаштан тұрғызылған мектептерде де балалар білім алып жатқанын айту тіптен ұят. Ұялмайтын жалғыз нәрсеміз, осыларға қарамастан БҚО оқушыларының білім деңгейі Республика бойынша жоғары деңгейде екендігі ғана.

БҚО тұрғындары газ толығымен өзінде өндірілсе де, осы кезге дейін белгісіз себептермен басқа өңірлерден жоғары баға төлеуге мәжбүр.

Мысалы, Ақтөбе облысының тұрғындары газ үшін – 10. 51 теңге төлесе, Маңғыстау облысында ол – 10.84 теңгені, ал Атырау облысында – 5,27 теңге құрайды. Енді осы баға БҚО тұрғындары үшін, неге екені белгісіз «ҚазТрансГазАймақ» АҚ-мен 16,78 теңге болып бекітілген. Яғни Батыс Қазақстандықтар көршілес Атыраудан үш есе көп төлеуге мәжбүр!

Бұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Бұл жерде бір ғана нәрсе анық әрі айқын, ол БҚО – Республикалық бюджетке қаражат аударудан тізімнің ең бас жағында тұрсақ, алуға келгенде ең соңғы орында қалып қоя береміз.

Бұл туралы, яғни бюджетті әділ бөлу туралы, осыдан төрт жыл бұрын Президент, біздің облысты мысалға келтіріп тұрып, өзі арнайы тапсырма берген болатын, атап айтқанда (сөзбе-сөз келтірейін) Поручаю Правительству и акимам до 1 сентября пересмотреть механизмы формирования трансфертов, сделав их более прозрачными, эффективными и справедливыми.

Осы тапсырманың берілгеніне төрт жыл уақыт өтсе де, Үкімет оны орындамады, ал зардабын БҚО-ның қарапайым тұрғындары көруде.

Осы аталғандардың негізінде, премьер-министр мен экономика министрінен болашақта бюджет бөлу мәселесінде жоғарыда айтылған Президент тапсырмасын басшылыққа алуды талап етеміз.

Сонымен қатар, 2023-2025 жылдарға бекітілген бюджетке, БҚО-на трансферт көлемін арттыру бағытында түзетулер енгізуді,

«КазТрансГазАймақ» АҚ-мен келісе отырып, БҚО тұрғындарына қатысты газ бағасын реттеуді, атап айтқанда; БҚО мен Атырау облысы арасындағы баға айырмашылығын теңдестіріп 16.78 теңгеден, 5.27 теңгеге дейін түсіруді, егер ол мүмкін болмаған жағдайда, Республикалық бюджет тарапынан БҚО тұрғындарының шығынын субсидиялауды сұраймыз.

Осы сауалға 2022 жылдың қорытындысы бойынша «Туранпресс» сайтында жарияланған «Сколько не дай...» -деп аталатын аналитикалық материалын жалғаймын, мақала авторы Евгений Косенко.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
Парламент Мәжілісінің
бірмандатты депутаттары**

**А.Т.Құспан
Е.Бапи**

**«АМАНАТ» партиясы
фракциясының мүшелері**

**Н.Сәрсенғалиев
Б.Ізмұхамбетов**

**«Ауыл» халықтық-демократиялық
патриоттық партиясы фракциясының
мүшесі**

С.Егізбаев

*Орындаушы: Ә.Шуақбаев
Телефон: 74-63-56*